



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

10.10 2025 жыл № 43

**Балабақша қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында**

Тәрбиеленішілер мен балабақша ғимаратының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында төмендегі іс-шаралар қатаң сақталуы мен орындалуын **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау жөнінде заңнаманың бұзылуына жол берген балабақшаның педагог қызметкерлеріне, тәрбиешілерге, тұрақты негізде әкімшілік шара қолданылсын.
  2. Балабақша қызметкерлерінің лауазымдық міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, еңбек қауіпсіздігі техникасы және олардың жауапкершілігін арттыру бойынша нұсқаулықтар жүргізіліп, қатаң бақылауға алынсын
  3. Тәрбиеленушілердің өміріне қауіпті биік балкондар, терезелер, қорғандар және т.б қайғылы оқиғалардың алдын алу жұмыстары жалғастырылып, нұсқаулықтармен тәрбиешілер таныстырылып, тәрбиеленушілерге тәрбие сағаттары жүргізілсін
- Балабақша аумағына бөтен адамдар кіруге тыйым салынсын.
5. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балабақша аумағында шылым шегуге, тез жанғыш заттар, жарылғыз заттар мен ойыншықтар алып келуге қатаң тыйым салынсын
  6. Тәрбиеленушілерді спорттық жарыстарға апару кезінде, мекеме әкімшілігінің рұқсатынсыз өзгеріс енгізуге, медициналық тексерістен өткізбей апаруға тыйым салынсын.
  7. Балабақша аумағында күзет бақылау жұмыстары күшейтілсін
  8. Төтенше жағдайлар туындаған кезде «101 номері арқылы өртке қарсы қызметке, «109» номері арқылы «iKomek» жедел әрекет ету және мониторингілеу орталығына, «112» құтқару қызметіне, білім басқармасының басшысына тікелей хабарласын
- Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Меңгеруші

Г. Абенова

Таныстым:

С.Ашимбекова